

«Бекітемін»
№1 «Ақерке» әдістемелік-балабақшасының
меңгерушісі:  Г.Жусупова



Әкелер мектебі



Тәрбиеші: Ахметова А

2025-2026 оқу жылы

5	«Әке мұрасы» қолөнер шеберханасы	Балалар мен әкелердің бірге қолөнер бұйымдарын жасауы	Наурыз	Тәрбиешілер	Ересек топтар
6	«Әкемен бірге»	Әке мен бала арасындағы еңбек әрекеті.	Сәуір	Тәрбиешілер	Ортаңғы, ересек топтар
7	«Әкем және мен»	Балалардың әкелерімен бірге спорттық сайысы	Мамыр	Тәрбиешілер Дене тәрбие жетекшісі	Ересек топтар

«Әкеммен өткізген бір күндік өмірім»
тақырыбындағы ата-аналармен
жүргізілген жұмыс

Анықтама

Балабақшада «Әкеммен өткізген бір күндік өмірім» тақырыбында ата-аналармен бірлескен онлайн форматта видеоролик түсіру түрінде өткізілді. Шараның негізгі мақсаты – әкенің бала өміріндегі рөлін айқындау, отбасы құндылықтарын насихаттау және бала мен әке арасындағы сыйластық пен сенімді нығайту.

Іс-шара барысында балалар әкелерімен бірге өткізген бір күндері туралы әңгімелеп, сурет салып, шығармашылық жұмыстар ұсынды. Әкелер өз балаларына уақыт бөлудің маңыздылығы, тәрбие берудегі жауапкершілік және үлгі болудың мәні туралы ой бөлісті.

Жұмыс нәтижесінде балалардың байланыстырып сөйлеу дағдылары дамып, әкеге деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімі артты. Ата-аналар бала тәрбиесінде бірлескен әрекеттің маңызын түсініп, отбасы ішіндегі жылылық пен татулықты нығайтуға ықпал етті.

Тәрбиеші: Ахметова А







№1 «Ақерке» бөбей-балалық бағдарламасының
меңгерушісі: Т.Т. Төлегенова



«Ең мықты әке - ол менің әкем!»



Дене тәрбие жетекшісі: Төлегенова А

2025-2026 оқу жылы

«Ең мықты әке – ол менің әкем!»

Спорттық сайыс

Мақсаты:

Әкелер мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту,
салауатты өмір салтын насихаттау,
әке беделін арттыру,
балалардың әкесіне деген сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімін
қалыптастыру.

Міндеттері:

- Әкелерді балаларымен бірге спортқа тарту
- Ұжымдық, ұйымшылдық қасиеттерді дамыту
- Балаларға әкенің отбасыдағы ролін түсіндіру
- Көңілді, белсенді орта қалыптастыру
-

Қатысушылар:

Әкелер мен балалар (әке + бала командасы)

Қажетті құралдар:

Доптар, кегли, обруч, секіртпе, қапшық, жалаушалар, музыка

Сайыс барысы

1. Ашылу бөлімі

Жүргізуші сөзі:

Әке – асқар тау,

Бала – бауырындағы бұлақ.

Бүгінгі сайысымыз әкелер мен балалардың бірлігін, күшін, ептілігін
көрсетпек!

2. Таныстыру

Әр команда өз атауын айтып, ұранын айтады.

Спорттық кезеңдер

1-кезең: «Кім жылдам?»

Әке мен бала жүгіріп барып, белгіленген кедергіден өтеді.

2-кезең: «Допты дәл тигіз»

Әке допты лақтырады, бала себетке түсіреді.

3-кезең: «Әкем – күшті!»

Әкелер қапшықпен секіру немесе гантель көтеру.

4-кезең: «Тату отбасы»

Әке мен бала обруч арқылы бірге өтіп шығу.

5-кезең: «Шапшаң әке»

Кедергілерден өту эстафетасы.

Қорытынды

Қазылар алқасы нәтижені шығарады.

Марапаттау

Барлық қатысушыларға:

- Алғыс хат
- Мадақтама
- Естелік сыйлықтар

Қорытынды сөз:

Бүгін біз әкелердің тек күшті ғана емес,
мейірімді, қамқор, баласына тірек екенін тағы бір мәрте көрдік.
Ең мықты әке – ол менің әкем!



«Әкеммен сұхбат» тақырыбына

Анықтама

«Әкеммен сұхбат» – отбасы құндылықтарын дәріптеуге, әкенің бала өміріндегі рөлін түсіндіруге бағытталған тәрбиелік іс-шара. Бұл жұмыс барысында бала әкесімен әңгімелесу арқылы оның мамандығы, балалық шағы, армандары мен өмірлік ұстанымдары туралы біледі. Сұхбат балалардың тіл байлығын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытып, үлкенге құрмет, ата-анаға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырады.

Тәрбиеші: Ахметова А



“Әке мұрасы” қолөнер шеберханасы
тақырыбына

Анықтама

Балабақшада “Әке мұрасы” атты қолөнер шеберханасы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында тәрбиеленушілер әкелерімен бірге ұлттық бұйымдар жасап, киіз үй, қамшы өру, ертоқым және түрлі табиғи материалдардан қолөнер туындыларын дайындады. Балалар әке еңбегінің маңызын түсініп, отбасылық бірлік пен сыйластықтың мәнін ұғынды.

Шеберхана барысында ұлттық өнер, ата кәсіп және дәстүр туралы әңгімелер айтылып, балалардың қызығушылығы артты. Көрме ұйымдастырылып, жасалған жұмыстар көпшілікке ұсынылды. Іс-шара тәрбиеленушілерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, ұлттық мұраға деген сүйіспеншіліктерін қалыптастырды.

Тәрбиеші: Ахметова Анар



“Әке мұрасы” қолөнер шеберханасы
тақырыбына

Анықтама

Балабақшада “Әке мұрасы” атты қолөнер шеберханасы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында тәрбиеленушілер әкелерімен бірге ұлттық бұйымдар жасап, киіз үй, қамшы өру, ертоқым және түрлі табиғи материалдардан қолөнер туындыларын дайындады. Балалар әке еңбегінің маңызын түсініп, отбасылық бірлік пен сыйластықтың мәнін ұғынды.

Шеберхана барысында ұлттық өнер, ата кәсіп және дәстүр туралы әңгімелер айтылып, балалардың қызығушылығы артты. Көрме ұйымдастырылып, жасалған жұмыстар көпшілікке ұсынылды. Іс-шара тәрбиеленушілерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, ұлттық мұраға деген сүйіспеншіліктерін қалыптастырды.

Тәрбиеші: Ахметова Анар

“Әкеммен бірге”

Әке мен бала арасындағы
еңбек әрекеті тақырыбына

Анықтама:

Онлайн форматта “Әкеммен бірге” тақырыбында әке мен бала арасындағы еңбек әрекеті ұйымдастырылды. Тапсырма барысында әкелер балаларымен бірге түрлі еңбек жұмыстарын орындады.

Балалар әкелерінің еңбексүйгіштігін көріп, еңбек етуге деген қызығушылықтарын арттырды. Бірлескен әрекет кезінде өзара сыйластық, қамқорлық және қолдау көрсету дағдылары қалыптасты. Сонымен қатар, тәрбиеленушілер отбасы құндылықтарының маңызын түсініп, әке тәрбиесінің орны ерекше екенін ұғынды.

Тәрбиеші: Ахметова Анар



№1 «Ақерке» бөбекжай-балалар бақшасының
меңгерушісі:



«Әкелер мектебі» жобасы «Әкем және мен» спорттық сайыс

Дене тәрбие жетекшісі: Төлегенова А
Тәрбиеші: Ахметова А

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Әкем және мен» спорттық сайыс

Мақсаты:

Балалар мен әкелер арасындағы сыйластықты, бірлікті нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.

Безендіру:

Зал шарлармен, спорттық ұрандармен безендіріледі.

Музыка ойнап тұрады.

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ата-аналар, қонақтар және бүлдіршіндер!

Бүгінгі «Әкем және мен» атты көңілді спорттық сайысымызға қош келдіңіздер!

Әке — отбасының тірегі, қамқоршысы. Ал бала — отбасының қуанышы. Бүгін әкелеріміз бен балаларымыз ұйымшылдық пен ептіліктерін көрсететін болады.

Қатысушыларды қошеметпен ортаға шақырайық!

(Музыкамен командалар шығады)

Таныстыру бөлімі

Әр топ өз атауын және ұранын айтады.

Үлгі:

Топ атауы: «Қыран»

Ұраны:

«Шынығамыз жастай біз,

Жеңіске біз бастаймыз!»

Сайыс кезеңдері

1-кезең: «Кім жылдам?»

Шарты:

Әке мен бала белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, кері қайтады.

2-кезең: «Допты дәл жеткіз»

Шарты:

Бала қасыққа кішкентай допты салып алып жүреді, әкесі бағыттап көмектеседі.

3-кезең: «Кедергіден өту»

Шарты:

Қатысушылар шеңберден секіріп, кедергілерден өтіп мәреге жетеді.

4-кезең: «Арқан тарту»

Әкелер мен балалар екі топ болып арқан тартады.

5-кезең: «Әкем мықты!»

Шарты:

Балалар әкелері туралы қысқа жылы сөздер айтады.

— Менің әкем батыр!

— Менің әкем күшті!

— Мен әкемді жақсы көремін!

Музыкалық үзіліс

Балалардың биі немесе әні орындалады.

Марапаттау бөлімі

Жүргізуші:

Бүгін барлық қатысушылар өздерінің ептілігін, ұйымшылдығын көрсетті.

Жеңіс әрқашан достықта!

(Мадақтама, медаль табыстау)

Қорытынды сөз:

Құрметті әкелер! Балаларыңызбен бірге өткізген әрбір сәт — баға жетпес бақыт. Осындай қуанышты күндер көп болсын!

Келесі кездескенше, сау болыңыздар!

